

Almaty

AQSHAMY



ЖАН-ЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Араб әлемімен байланыс
арта түседі

2

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №32 (6710) 3 сәуір, жұма, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

ТУРИЗМ

ӘЛЕМ ТАМСАНҒАН АЛМАТЫ

Алматы – табиғаты көркем, мәдениеті бай туристік қала. Мұнда таулар, саябақтар мен тарихи орындар үйлесім тауып, саяхатшыларға ерекше әсер сыйлайды. Соңғы жылдары қаламыз шетелдік саяхатшылар үшін де тартымды туристік бағытқа айналып келеді.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БРИФИНГ

БАТЫЛ БАСТАМАЛАР


Жастар саясатында жаңа жобалар қолға алынды

Шаһарда жастарды шығармашылық, спорт және ұлттық дәстүр негізінде жан-жақты дамытуға бағытталған қалалық бастамалар сериясы басталады. Бағдарлама аясында студенттер мен NEET санатындағы жастарды қосқанда, ондаған мың жасты қамтитын жобалар жоспарланған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында қалалық жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек мәлімдеді.



4

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ЖАН-ЖАҚТЫ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ

Араб әлемімен байланыс арта түседі

Дипломатиялық қатынас орнағанына 32 жыл

2026 жылы 30 сәуірде Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігі (САК) арасындағы дипломатиялық қатынастар орнатылғанына 32 жыл болады. Екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастар 1994 жылы 30 сәуірде орнатылған еді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясы Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы елшісі Файсал Әл-Кахтаниді осындай айтулы күн аясында қабылдады.

Сауд Арабиясы – еліміздің тәуелсіздігін мойындаған алғашқы мемлекеттердің бірі. Дипломатиялық қатынастар орнатылған соң екі ел арасында Елшілік байланыстар да жолға қойылды. Қазақстанның Сауд Арабиясы Корольдігіндегі Елшілігі 1995 жылғы желтоқсанның бастап қызмет етеді. Ал Сауд Арабиясы Корольдігінің Қазақстандағы Елшілігі 1997 жылы наурызда ашылған.

Осы уақытқа дейін бауырлас екі ел арасында ең жоғары деңгейде саяси ынтымақтастық қалыптасты. 1994, 2004 және 2016 жылдары еліміздің экс-президенті Н.Назарбаев ресми сапарлармен Сауд Арабиясы Корольдігіне барған.

2022 жылдан бері екіжақты қатынас жоғары деңгейге көтерілді. 23-24 шілдеде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ресми сапармен барды. Сапар аясында Президент Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салманмен, ИЫҰ Бас хатшысы Х.Тахамен, ИДБ Президенті М. Әл-Джассермен, САК Мемлекеттік инвестициялық қорының (PIF) Басқарушысы Я. Әл-Румаиянмен, «Ajlan & Bros Holding Group» холдингтік тобының төрағасы А. Әл-Ажланмен және «Acwa Power» компаниясының төрағасы М.Абунайян бірқатар кездесу өткізген. Сондай-ақ, САК іскер топтарының өкілдерімен Инвестициялық «дөңгелек үстелге» қатысқан. Бұл сапар Астана мен Эр-Рияд арасындағы сенімді әрі жан-жақты саяси диалогтың ары қарай жалғасатынын және жаңа деңгейде өрбитінін көрсетті.

2023 жылы 18-19 шілдеде ОА-ПША-МЫК саммитіне қатысу үшін САК-қа жұмыс сапарымен барған. Саммит барысында Мемлекет басшысы САК Тақ мұрагері

2026 жылы 1 сәуірде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясы Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы елшісі Файсал Әл-Кахтаниді қабылдады. Президент кездесуде Қазақстанның Сауд Арабиясымен ынтымақтастықты жан-жақты нығайтуға айрықша мән беретінін айтты. Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев Тақ мұрагері, Сауд Арабиясының Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман Әл Саудтың екі елдің сан қырлы ықпалдастығын ілгерілетуге қосқан елеулі үлесін айрықша атап өтті. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Мұхаммед бен Салманды Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақыратынын растады.



(Дереккөз: akorda.kz)

Мұхаммед бен Салманмен, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен және Кувейттің Тақ мұрагері М. Ас-Сабахпен екіжақты келіссөздер жүргізген. Аталмыш жұмыс сапары Орталық Азия мен Парсы шығанағының араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі (ПШАМЫК) арасындағы диалогтың бастауы болды. Осылайша «ОА+» форматы араб мемлекеттерімен де орнатыла бастады.

Бітімгерлік пен ИЫҰ саммиті

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сауд Арабиясы Корольдігінің Қазақстандағы елшісі Файсал Әл-Кахтаниді қабылдауы қатардағы азаматтарымыз үшін

күнделікті дипломатиялық шара ретінде көрінуі мүмкін. Алайда, бұл кездесудің геосаяси, геэкономикалық және ұлттық мүддеге сай астары бар.

Біріншіден, кездесу Таяу Шығыстағы шиеленіс қызған сәтте өтті. 2026 жылы 28 ақпанда Иран дағдарысы ушықты. Әскери қақтығыстың ауқымы қысқа уақытта кеңейді. Бастапқыда АҚШ-Израиль мен Иранды қамтыған шиеленіс парсы шығанағындағы араб мемлекеттерін де шарпыды. Осыған орай 1 наурызда Қазақстан Президенті Біріккен Араб Әмірліктері, Сауд Арабиясы, Қатар, Бахрейн және Кувейт мемлекеттерінің басшыларына осынау қиын-қыстау кезеңде шынайы қол-

дауы мен тілектестігін білдіріп, хат жолдады. Мемлекет басшысы достас арабауырлас елдердің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған барлық әскери әрекетті батыл айыптады.

Хатта Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан бауырлас араб мемлекеттеріне қалқадерінше көмек көрсетуге дайын екенін айтып, аталған елдердің басшыларымен тұрақты қызметтік қарым-қатынас жалғасатынына үміттенетінін жеткізді.

Кездесу барысында Қазақстанның араб елдеріне деген жылы ілтипатын елші Файсал Әл-Кахтани да ерекше атап өткен. Ол Таяу Шығыстағы күрделі ахуалға байланысты Қазақстан Президентінің көрсеткен жан-жақты қолдауына Сауд Арабиясы басшылығының шынайы ризашылығын жеткізген.

Сонымен қатар, Қазақстанның бітімгерлік келіссөздерді киелі Түркістан шаһарында өткізу туралы бастамасының өзекті екеніне тоқталған. Бұған дейін Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанға жасаған сапарында Таяу Шығыстағы шиеленісті бейбіт жолмен шешу мақсатында Түркістанда бітімгерлік келіссөздер өткізуді ұсынған еді.

Екіншіден, 2027 жылы Ислам ынтымақтастығы ұйымының кезекті саммиті өтуі тиіс. Алайда, өтетін орны әзірге белгісіз. Бұған дейін 15 саммит болған. Соңғы рет 2024 жылы Гамбияда ұйымдастырылған. Ұйым құрылғалы бері оған мүше Орталық Азия елдерінде саммит өтпеген. Астананың Сауд Арабиясымен ынтымақтастықты нығайтуының астарында алдағы үлкен жиынды өткізу мақсаты болуы мүмкін.

Үшіншіден, Қазақстан Сауд Арабиясымен сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға мүдделі. Кездесуде Файсал Әл-Кахтани жақында қол қойылған Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім, сондай-ақ екі ел арасында Координациялық кеңес құру тиімді байланыстарды жандандыруға жол ашатынына назар аударды. Бұл бастамалар елімізге қосымша инвестиция тартуға әсер етері сөзсіз.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

Цифрлы экономика

Алматыда заманауи инновациялық орталық ашылды

2026 жыл – Қазақстанда жарияланған Цифрландыру және жасанды интеллект жылы. Бұл білім беру жүйесінің жаңа сапалық кезеңге өтуін айқындайды. Аталған кезең техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінен жоғары технологиялық ортада жұмыс істей алатын, цифрлық ойлау қабілеті қалыптасқан және инновациялық шешімдерді қолдана білетін жаңа буын мамандарын даярлауды талап етеді.

27 наурыз Алматы қаласында, Almaty Polytechnic college базасында Dahua Technology инновациялық тренинг-орталығының ашылды. Бұл аталған стратегиялық бағыттың нақты жүзеге асуының жарқын мысалына айналды.

Dahua Technology – бейнебақылау, интеллектуалды қауіпсіздік жүйелері және smart-инфрақұрылым шешімдері саласындағы әлемдік жетекші компаниялардың бірі. Орталықтың ашылуы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің, НАО «Talar» және Алматы қаласы Білім басқармасының қолдауымен жүзеге асырылды. Жобаны жүзеге асыруға Zhejiang Security Technology College белсенді қатысып, бірлескен білім беру бағдарламалары мен академиялық ұтқырлықты дамыту бағытында нақты жұмыстар жүргізілуде.

Орталықтың ашылу рәсіміне Қытайдың Алматыдағы Бас консулдығының өкілдері, индустриалдық серіктестер – SANY, KidsGo және Zhejiang Security Technology College және Almighty-Technology компаниялары қатысып, жобаның халықаралық деңгейдегі маңыздылығын айқындады.

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE осындай деңгейдегі тренинг-орталық ашылған еліміздегі алғашқы колледждердің бірі ретінде жаңа білім беру экожүйесін қалыптастыруда көшбасшы позициясын нығайтып отыр. Құрылған тренинг-орталық – интеллектуалды бейнебақылау жүйелері, ақпараттық қауіпсіздік, цифрлық басқару және Smart City технологиялары бағытында құзыреттерді дамытуға арналған жоғары технологиялық платформа.

Орталық Dahua Technology компаниясының озық технологиялық жабдықтарымен кешенді түрде жабдықталған. Атап айтқанда, оқу үдерісінде WizMind және WizSense сериялы интеллектуалды IP-камералар, оның ішінде жоғары айқындықтағы (4K) форматтағы, панорамалық Fisheye форматтағы және айнымалы фокусты объективтері бар модельдер, сондай-ақ түсті түнгі түсірілім технологиялары кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, бейнебақылау жүйелерін басқаруға арналған 4, 8 және 16 арналы заманауи NVR видеорегистраторлар енгізілген.


Бұдан бөлек, орталық жасанды интеллект негізіндегі қолжетімділікті басқару жүйелерімен, бет-әлпетті тану

функциясы бар контроллерлермен, карталық сәйкестендіру құрылғыларымен және турникттік жүйелермен жабдықталған. Қауіпсіздік инфрақұрылымы интеллектуалды өрт сигнализациясы жүйелерімен толықтырылып, түтін және жылу датчиктері, басқару модульдері және дабыл жүйелері енгізілген. Сондай-ақ, орталықта IP-домофония жүйелері, жоғары өнімді PoE коммутаторлар, оптикалық байланыс модульдері және деректерді беру құрылғылары негізінде заманауи желілік инфрақұрылым қалыптастырылған. Бақылау және талдау процестерін жүзеге асыру үшін LED мониторлар, ал оқу процесін интерактивті форматта ұйымдастыру үшін заманауи интерактивті панельдер орнатылған.

Жобаның стратегиялық құндылығы – білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының нақты сұраныстарымен синхрондау, сондай-ақ work-based learning, digital skills және AI-driven competencies қағидаттарына негізделген кадр даярлау моделін қалыптастыру.

Тренинг-орталықтың колледждің білім беру жүйесіне интеграциялануы, түлектердің халықаралық стандарттарға сәйкес бәсекеге қабілеттілігін арттырып, олардың еңбек нарығында сұранысқа ие болуын қамтамасыз етеді. WorldSkills стандарттарын енгізу даярлық сапасының халықаралық талаптарға сәйкестігін дәлелдейді.

Бұл бастама жекелеген жоба шеңберінен шығып, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жаңа даму моделін қалыптастырады. Бұл модельдің негізінде ашықтық, серіктестік, цифрлық трансформация және технологиялық көшбасшылық қағидаттары жатыр. Осылайша Dahua Technology тренинг-орталығының ашылуы – бұл тек жаңа оқу алаңының іске қосылуы емес, бұл – цифрлық экономика үшін адами капиталды қалыптастыруға бағытталған стратегиялық инвестиция.



тын тауарлар – 1,1 трлн. теңге (78–79 %).

Қызмет көрсету

2025 жылы Қазақстандағы тауар айналымының бөлінуі мынадай:

Жалпы саудадағы көтерме сауда үлесі шамамен, 67–68 %, бөлшек сауда – 32–33%. Көтерме саудадағы ең ірі үлес Алматы қаласына тиесілі – 36,8 %.

Көтерме саудадағы азық-түлік емес тауарлар мен өнеркәсіптік өнімдер бағамы (79,5–79,7 %). Бұл көрсеткіштер Алматының тауар айналымы мен тарату орталығы ретіндегі рөлін нақты айқындайды.

Саудадағы интернет-арналардың маңызы жыл сайын артып келеді. Онлайн сауда айтарлықтай дамып, тұтынушыларға ыңғайлы қызмет көрсетіп қана қоймай, ірі бизнес үшін де жаңа нарыққа шығу мүмкіндігін арттырады.

Статистикалық деректерге сүйенсек, 2024–2025 жылдары бөлшек саудадағы азық-түлік өнімдерінің үлесі шамамен, 31–33 %, азық-түлікке жатпайтын тауарлар үлесі 66–79 % болды. Саудадағы өсу әсіресе азық-түлікке жатпайтын тауарлар сегментінде байқалады.

Республика бойынша 2024 жылғы деректер көрсеткендей, сауда саласы жұмыс күшінің 16%-ын көрсетіп, яғни 1,5 миллионнан астам жұмысшыны жұмыспен қамтыды. Десек те, сауда секторымен қатар қызмет көрсету саласы да – қала экономикасының іргелі бөлігі. Аталған секторға қоғамдық тамақтану, қонақүйлер, туризм, көлік және логистика, банк және қаржы сервистері, денсаулық сақтау, сұлулық орталықтары, білім беру қызметтері кіреді.

Өсім

тенденциялары

Республикалық бөлшек сауда көлемі 2024 жылы шамамен 22,4 трлн. теңгеге дейін жетті. Ал Алматы қаласы осы көлемнің 33–34 % үлесіне ие. Сондықтан Алматыдағы сауда және қызмет көрсету секторы – қала экономикасының маңызды драйвері. Мәселен, мегаполистегі үлесі 30%-дан асатын бөлшек сауда көлемі – республика бойынша ең жоғары көрсеткіш. Электрондық сауданың 90%-ға жуығы Алматыда іске асырылып жатыр.

Сонымен, сауда және қызмет көрсетуде инвестициялар мен цифрландыру дамып келеді. Аталған сала халықтың күнделікті тұтынуына ғана емес, жұмыс орындарын құруға, шағын бизнеске мүмкіндік беруге және жалпы экономикалық өсімге айтарлықтай әсер етеді.

ҚОЗҒАУШЫ КҮШ

Қала нарығы қалай тармақталды?

Алматы – Қазақстандағы ең ірі мегаполис әрі елдің басты сауда және қызмет көрсету орталығы. Аталған сектор қала экономикасының құрылымында жетекші орын алады. Халық санының көптігі, тұтыну деңгейінің жоғары болуы және кәсіпкерлік белсенділік мегаполисті республикалық сауда айналымының басты драйверіне айналдырып отыр.

Республикадағы көтерме сауда айналымының шамамен, 35–40%-ы Алматыға тиесілі. Мұндай жоғары үлес қаланың логистикалық және тарату орталығы ретіндегі рөлін айқындайды. Қала арқылы еліміздің әртүрлі өңіріне тауар жеткізіліп, ірі сауда ағындары қалыптасатындықтан, сауда инфрақұрылымы да жоғары деңгейде дамыған.

Кейінгі жылдары электронды сауда (e-commerce) да қарқынды дамып келеді. Қазақстан бойынша онлайн сауда көлемі 5 трлн. теңгеден асып, оның негізгі бөлігі Алматыға тиесілі болды. Қалада интернет-дүкендер, маркетплейстер және жеткізу қызметтері белсенді дамып, дәстүрлі сауда форматына жаңа бәсекелестік әкеліп жатыр. Бұл үрдіс тұтынушылар үшін ыңғайлылықты арттырса, бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Қызмет көрсету секторы – Алматы экономикасының ең ірі бөлігі. Оның құрамына қоғамдық тамақтану, қонақүй бизнесі, білім беру, медицина, көлік, қаржы және түрлі сервистік қызметтер кіреді. Жалпы алғанда, бұл сектор қала экономикасының 50%-дан астамын қам-

тиды. Сауда және қызмет көрсету салалары – шағын және орта бизнестің (ШОБ) негізгі бағыты. Алматыда 300 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектісі тіркелген, олардың басым бөлігі дәл осы секторларда жұмыс істейді.

Бөлшек сауда

Қазақстанда бөлшек сауда 2024–2025 жылдары тұрақты өсім көрсетіп келеді. 2024 жылы республика бойынша бөлшек сауда көлемі 22,445 трлн. теңге болды, бұл 9,8 % өскенін білдіреді. Өсімде Алматы үлесі 33,6 %-ды көрсетіп, елдегі ең ірі сауда орталығының қатарына енді. 2025 жылғы қаңтар–тамызда ел бойынша бөлшек сауда көлемі – 14 805,9 млрд. теңге, өсім – 6,9 %.

2025 жылдың қаңтар–наурыз айларында Алматыдағы бөлшек сауда көлемі 1,4 трлн. теңгеге жетіп, республикалық көлемнің 31,6 % үлесін көрсетті. Бұл көрсеткіш айтарлықтай жоғары екенін білдіреді. Былтыр қаңтар–наурыз аралығында азық-түлік тауарларының сатылуы 303,6 млрд. теңге, азық-түлікке жатпай-

Өңдеу өнеркәсібі

Соңғы статистикалық деректерге сәйкес, Алматы еліміздегі бөлшек сауданың шамамен, 30–32%-ын қамтамасыз етеді. Мысалы, 2025 жылдың алғашқы айларында қаладағы бөлшек сауда көлемі 1,4 трлн. теңгеге жуық болған. Оның ішінде азық-түлік тауарлары шамамен, 20%, ал азық-түлік емес тауарлар – 80%. Бұл көрсеткіш қала тұрғындарының тұтыну құрылымында тұрмыстық техника, киім-кешек және басқа да тауарларға сұраныстың жоғары екенін көрсетеді.

Алтын бағасы аспандап барады

Қазақстанда алтын бағасы өсіп келеді. Ұлттық банктің 5 наурыздағы деректері бойынша, 1 грамм алтынның құны 84 355,16 теңгеге жеткен.



(Сурет: Astanatv.kz).

Ақпанның соңында құнды металдың бағасы 85 542,16 теңге болған. Ал әлемдік бағалардың өсуі аясында еліміз алтын сатып алу көлемі бойынша екінші орынға көтерілген.

Ал кейінгі алты жыл ішінде Қазақстан ірі алтын сатушы елдердің қатарынан көрінді. Осы кезеңдегі таза қысқару көлемі – 44,4 тонна. 2022–2024 жылдары Ұлттық банк резервтердің өтімділігін қолдау және әртарапандыру мақсатында 118,3 тонна алтын сатты. Ал былтыр саясат өзгеріп, рекордтық бағалар мен геосаяси тұрақ-

сыздық жағдайында ел алтын қорын қайтадан көбейтуге кірісті.

Аталған кезеңде Қазақстаннан да көп алтын сатқан жалғыз ел – Филиппиндер (64,8 тонна). Ірі сатушылар қатарында сондай-ақ Шри-Ланка (19,1 тонна), Германия (16,2 тонна), Моңғолия (15,2 тонна) және (Тәжікстан 11,9 тонна) бар.

Талап өзгерді

Несие алудың жаңа ережесі енгізілмек

Енді ломбардқа өткізілген алтын мен уақытты төленбеген айыппұл несие тарихына «қара таңба» болып басылады. Елімізде несие алу талаптары қатаңдатылады. Бұдан былай ақшалай жалақы алатындар мен зейнетақы жарнасы жоқ азаматтарға несие берілмеуі мүмкін. Жаңа ереже 1 шілдеден бастап күшіне енбек.



(Сурет: ашық дереккөзден).

банк тұтынушыны «жұмыссыз» ретінде қарастыруы мүмкін.

Бұл шектеулер тек банктерге емес, ломбардтарға да қатысты. Ондағы әрбір кешігу микро-несие болып тіркеледі. Бұл жүйе несие батпағына батқандарды тоқтату үшін жасалып отыр.

«Егер ломбардқа өткізілген алтын бұйым белгіленген мерзімде қайта алынбаса, ол

өтелмеген қарыз ретінде есепке алынады», – дейді Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің департаменті бас маманы Айбек Айтақов.

Қаржы сарапшысы Айбар Олжайдың айтуынша, банк есіктері жабылса, халық амалсыз көлеңкелі нарыққа, яғни заңсыз өсімқорларға бет бұруы мүмкін.

«Көлеңкелі сектор пайда болады. Мысалы, несиеге қатты шектеу қойыла бастаса, оны ростовщик дейді, адамдар тарапынан сұраныс жоғары болса, оған ұсыныс та пайда болады», – дейді Айбар Олжай.

**Бетті әзірлеген
Дана САДЫРҚАН.**



ДАРЫНДЫЛАР ДОДАСЫ

Алматыда зияткерлік жарыс жеңімпаздары марапатталды

Қалада оқушылар арасындағы ең ірі зияткерлік жарыстардың бірі – жаратылыстану-математикалық бағыттағы республикалық олимпиада. География және химия пәндері бойынша өткен кезекті білім бәйгесіне еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған дарынды оқушылар қатысты. Жақында додалы жарыстың қорытынды кезеңі аяқталып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



орынбасары Жомарт Карамбаев бұл білім додасының маңызына тоқталып: «Бұл – ел болашағына деген сенімнің жарқын дәлелі. Биылғы олимпиаданың жаңа Конституцияның қабылдануымен тұспа-тұс келуі де ерекше мәнге ие. Себебі, бұл құжатта білім мен ғылым мемлекеттің стратегиялық басымдығы ретінде айқындалған. Олимпиадаға қатысқан әрбір оқушы – еліміздің ертеңгі зияткерлік әлеуеті. Олардың бүгінгі жетістігі – білім мен ғылым саласында жүргізіліп жатқан реформалардың нақты нәтижесі», – деген пікірін ортаға салды.

Мұндай олимпиадалардың басты мақсаты – дарынды жастарды анықтап, олардың ғылыми әлеуетін дамыту. Сонымен қатар, халықаралық деңгейдегі білім жарыстарына қатысатын ұлттық құраманы қалыптастыру да маңызды міндеттердің бірі.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, биылғы олимпиада ауқымы жағынан да, маңызы жағынан да ерекше. Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың бастапқы кезеңіне 360 мыңға жуық оқушы қа-

тысып, олардың ішінен ең мықты 1636 оқушы ғана қорытынды кезеңге жолдама алған. Осылайша республикалық олимпиада дарынды жастарды қолдаудың тиімді тетіктерінің бірі екенін дәлелдеді.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Биылғы олимпиадаға барлығы 309 оқушы қатысып, өз білімдері мен қабілеттерін сынға салды. Бірнеше кезеңнен іріктеліп келген қатысушылар үшін бұл тек жарыс емес, мол тәжірибе алаңы болды. Олар күрделі тапсырмаларды орындап қана қоймай, өзара пікір алмасып, достық байланыстар орнатуға мүмкіндік алды.

Ал салтанатты марапаттау рәсімі Оқушылар сарайында өтті. Іс-шараға білім саласының өкілдері, ғалымдар, ұстаздар мен ата-аналар қатысып, үздік шыққан оқушылардың жетістігіне куә болды.

Іс-шарада Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитеті төрағасының

БАТЫЛ БАСТАМАЛАР

Жастар саясатында жаңа жобалар қолға алынды

(Басы 1-бетте)

Жобалар шығармашылықты дамыту, бұқаралық және ұлттық спорт түрлерін насихаттау, сондай-ақ мәдени және рухани құндылықтарды нығайту сынды үш негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

«Алматы қаласының жастар саясаты басқармасы жастарды қолдау бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Біз олардың жан-жақты дамуына жағдай жасап, қоғамдық өмірге белсенді араласуына ықпал ететміз. Зияткерлік, шығармашылық, рухани және спорттық әлеуетін ашуға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл міндеттер біз үшін басым бағыт болып қала береді», – деді Әзиз Қажденбек.

Бастамаларды іске асыру нәтижесінде жастардың қоғамдық белсенділігі артып, олардың дамуын қолдаудың орнықты жүйесі қалыптаспақ. Бүгінде Алматыда 14 пен 35 жас аралығындағы 712,3 мың жас тұрады. Бұл қала халқының 32 пайызы. Оның ішінде 455,6 мыңы – жұмыс істейтін жастар, ал 307,8 мыңы – жоғары оқу орындары мен колледж студенттері.

Сонымен бірге, қалада сәуір айында жастардың спортпен айналысуына, шығармашылық қабілетін дамытуға және қоғамдық өмірге белсенді араласуына бағытталған бірқатар жоба басталады.

Негізгі жобалардың бірі – 1–30 сәуір аралығында өтетін ұлттық спорт түрлеріне арналған YOUTH NOMADS фестивалі. Жоба, ең алдымен, NEET санатындағы жастарға, сондай-ақ жұмыс істейтін жас буын өкілдеріне бағытталған. Ұйымдастырушылардың айтуынша, фестивальге шамамен, 30 мыңға жуық қатысушы тарту жоспарланып отыр.

«Алматыда 15 мыңнан астам жас базарда еңбек етеді. Біз спорт пен ұлттық ойындар арқылы олардың дамуына, өзара байланыс орнатуына және қаланың белсенді өміріне араласуына мүмкіндік жасаймыз», – деді жоба жетекшісі Қадырбек Файзуллаев.

Әзірлеген Дана САДЫРҚАН.

Алматының Алмалы ауданында екі медициналық нысан, оңалту орталығы мен жаңа мектептер ашылады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Арман Шәмшин Алмалы ауданында білім беру, денсаулық сақтау мен спорт жүйесі қалай дамып жатқанын баяндады.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Оның айтуынша, бүгінде ауданда 49 мектеп, 60 балабақша мен 25 медициналық ұйым жұмыс істейді. Әлеуметтік инфрақұрылымды жаңарту мен кеңейту жұмысы бірнеше бағыт бойынша жүргізіліп жатыр. Білім беру саласында биыл бірнеше ірі жоба жүзеге асырыла бастаған. Атап айтқанда, қыркүйек айына дейін 600 оқушыға арналған №58 мектептің ғимараты қайта жаңғыртылады. Маусым айында №16 мектепке 300 орынды қосымша ғимарат пайдалануға беріледі, сондай-ақ №124 мектеп ғимаратына сейсмикалық күшейту жұмысы мен күрделі жөндеу аяқталады.

Спорт саласында «Тастақ» ықшамауданында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған көпфункционалды спорт орталығы салынып жатыр. Қазіргі кезде нысанның дайындық деңгейі – 40% құрылыс қараша айында аяқталады.

Көпқабатты тұрғын үйлердің қасбетін жаңарту – аудандағы биылғы ең негізгі жұмыстың бірі болып қалған.

«Биыл шамамен, 60 көпқабатты тұрғын үйдің қасбетін ретке келтіру жоспарланып отыр. Назарбаев даңғылы, Абай даңғылы мен Абылай хан даңғылы сияқты үлкен көшелерге көп көңіл бөлмекпіз. Тарихи орталықтың көрікті әрі ұқыпты болып тұрғаны жақсы ғой», – дейді аудан әкімі.

Сондай-ақ, брифинг барысында қыс мезгілінен кейінгі жол жабынының жай-күйі де сөз болды.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР САНЫ АРТАДЫ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Арман ШӘМШИН,
Алмалы ауданының әкімі:

– Биылғы қаңтар-ақпан айларында ауданда негізгі экономикалық көрсеткіш бойынша оң динамика байқалды. Бюджетке түскен салық түсімі 220 млрд. теңгеден асты. Бұл былытырғымен салыстырғанда, 8,6% -ға жоғары. Бұл ауданның іскерлігі белсенді екенін, кәсіпкерліктің де дамып жатқанын көрсетеді. Алмалы ауданы қаладағы ең жасыл-желегі көп ауданның бірі саналады. Біздің міндет – осы мәртебені сақтап қана қоймай, оны одан әрі арттыру. Көгалдандыру – бір реттік шара емес, жүйелі жұмыс. Сонымен қатар, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Оның аясында тұрғындар өздері абаттандыру жобаларын ұсынып, таңдайды. 2026 жылы 19 жоба іске асырылады: оның 11-і аула жөндеуге, ал сегізі қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруға бағытталған. Бұдан бөлек, 34 ауланы жаңарту жоспарланған. Мұндай жұмыстар шағын сәулеттік нысандарды ауыстырудан бастап, спорт алаңдарын жаңартуға дейінгі тұрғындардың нақты сұранысына жедел жауап беруге мүмкіндік береді. Нысандар тізімін тұрғындардың өтінішін ескеріп, көшпелі тексеру кезінде қалыптастырады.

Аудан басшысының айтуынша, жолтақта (брусчатка) төсеуді маусымдағы жағдайға байланысты уақытша тоқтатыпты.

«Жұмысты бірден бастадық. Қазір «Тастақ» ықшамауданын, сондай-ақ Төле би көшесі мен Әуезов көшесін жөндеп жатыр», – деді Арман Шәмшин.

Алмалы ауданында 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың қорытындысы шықты. Тазалықты сақтау, қолайлы қалалық ортаны дамыту, көгалдандыру мен тұрғындар қатысатын жобаларды жүзеге асыру аудандағы негізгі бағыттың бірі болып қалған.

«Біз қала күнде ұқыпты болып көрінуі үшін жүйелі жұмысты қолға алдық. Осы іске жүздеген адам мен қаншама күш жұмылдырылды. Бұл қала тұрғындарының өмір сапасына әсер ететін үлкен еңбек», – деді А.Шәмшин.

Ауданда күн сайынғы тазалық жұмысын шамамен, 1000 жұмысшы мен 230-дан астам арнаулы техника қамтамасыз етеді. Олар 190 шақырымға жуық жолды, 850-ден астам ауланы, ондаған алаңқайды, аллеялар мен жасыл аймақтарды күтіп ұстайды. Тұрғындардың өтінішіне жедел әрекет ету үшін тәулік бойы үш жедел топ жұмыс істейді. Жалпы ауданда ұзындығы 186,6 шақырым болатын 110 көше, 861 аула, 22 алаңқай, бір саябақ, бес бульвар мен 20 жасыл аймақ бар. Бұл жұмысты егіз мердігер ұйым істейді.

Жыл басынан бері «Таза Қазақстан» экологиялық бастамасы аясында үш ірі акция өткізіліп, нәтижесінде 400 текше метрден астам қалдық шығарылды. Тазалық жұмысына тұрғындар, бизнес өкілдері, депутаттар, еріктілер мен коммуналдық қызметтер де белсене қатысты.



ӘЛЕМ ТАМСАНҒАН АЛМАТЫ

Алматыда туризм саласының нәтижелері мен негізгі көрсеткіші таныстырылды. Қалалық Туризм басқармасы мен Mastercard бірлесе ұйымдастырған іс-шарада мегаполиске келетін туристерге тән ерекшеліктер аталып, 2025 жылдың статистикасы ұсынылды.




Досбол
АТАЖАН

Туризм басқармасының басшысы Ғалия Тоқсейітованың айтуынша, Алматы – Орталық Азиядағы туризмнің басты драйверіне айналып келеді. Табиғи парктердің жақындығы, ірі халықаралық іс-шаралар санының артуы және әуе қатынасының кеңеюі қаланың туристер үшін тартымдылығын арттырып, экономикасының дамуына ықпал етуде.

– Бізде қалалық туризм бағыты өте танымал. Оның ішінде тарихи туризм де бар. Біздің басты артықшылығымыз – қаланың тауларға жақын, қолайлы орналасуы. Туристер таңертең табиғатқа шығып, кешке қалаға оралып, серуендей алады. Жалпы, туризмді дамытуда табиғат, қалалық атмосфера және гастрономия сынды үш бағытқа ерекше назар аударамыз, – деді ол.

Ведомство басшысы қалада өтетін ірі халықаралық іс-шаралар да туристерді тартуда зор маңызы бар екенін атап өтті. Оның сөзінше, былтыр Дженнифер Лопес пен Backstreet Boys концерттері, сондай-ақ «Қайрат» футбол клубының матчтары туристер ағынының артуына әсер еткен. Mastercard ұсынған деректер бойынша «Қайрат – Реал Мадрид» матчы кезінде аталған карталар арқылы жұмсалған шығындар орташа көрсеткішпен салыстырғанда, 16%-ға өскен. Дженнифер Лопес концерті кезінде туристердің шығындары 11%-ға, Backstreet Boys концерті кезінде 3%-ға артқан.

Ғалия Тоқсейітова Алматыға келетін ішкі туристердің саны да жыл сайын артып келе жатқанын айтты. Мысалы, мегаполиске былтыр 1 миллион 700 мың отандық турист келген.



– Қазақстандықтар Алматыны көбіне демалыс күндері демалу үшін таңдайды. Бұған Алматы агломерациясының тиімді орналасуы – Шарын, Көлсай сияқты жерлердің жақындығы әсер етеді, – деді ол.

Іс-шара барысында Mastercard компанияның өкілі Сергей Попов шаһардағы туризм бойынша бірқатар қызықты дерек ұсынды. 2025 жылы Алматыға деген қызығушылық шамамен, 1,5 есеге артқан. Мұнда келетін туристер сапарын орта есеппен 8 күн бұрын жоспарлап қояды, ал әуе билетін 1-2 ай бұрын алады. Сонымен қатар, зерттеуге сәйкес, 2025 жылы қала қонақтарының 84%-ы жеке мақсатпен, яғни демалыс пен бос уақытын өткізу үшін келген. Оның ішінде туристердің 37%-ы жеке саяхатшылар, 22%-ы жұппен келетіндер, 21%-ы отбасылық сапарлар және 20%-ы достарымен келетіндер.

– Тұтастай алғанда 2025 жылдың талдау қорытындысы бойынша Алматыға деген қызығушылықтың тұрақты өсімі байқалады. Қаланың туристік өнімі табиғи және рекреациялық ресурстар төңірегінде белсенді дамып



келеді, ал Азия нарықтары тарапынан болған сұраныс туристік ағынның одан әрі өсуінің негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналып отыр, – деді Сергей Попов.

Туризм басқармасының өкілдері 2026 жылы да туристік ағымның өсімін болжайды. Биыл Алматыда халықаралық аудиторияны тарта алатын бірқа-

тар ауқымды шара жоспарланған. Олардың ішінде SOLANA фестивалі, Cirque du Soleil гастрольдері, Jack White және Gorillaz сияқты әртістер қатысатын Satisfaction Fest және Park Live музыкалық фестивалдері, сондай-ақ Ricky Martin, Natalie Imbruglia және Enrique Iglesias сынды әлемдік орындаушылардың концерттері бар.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Мегаполисте Almaty International Medical Tourism Forum халықаралық форумы сәтті өтті. Оның мінберінен онкология, трансплантология, нейрохирургия саласында айтарлықтай тәжірибесі бар және халықаралық дәрежеде мойындалған сарапшы-мамандар сөз алды.



Нұржамал
ӘЛІШ

Алқалы жиын мақсаты – денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты, медициналық ұйымдар арасындағы әріптестік байланысты нығайту, сондай-ақ Алматы қаласының мәртебесін Орталық Азиядағы медициналық туризмнің әлеуетті орталығы ретінде дамыту.

Форумға Үндістанның Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің және Max Healthcare халықаралық медициналық орталығының қолдауымен Үндістанның жетекші мамандары қатысты.

Халықаралық жиынды ашқан Алматы қаласы Туризм басқармасы басшысының орынбасары Ақмарал Есжанова Қазақстан, оның ішінде Алматы мен Үндістан денсаулық сақтау, фармацевтика, білім беру, туризм және тағы басқа салаларда біраз жылдан бері тұрақты және ынтымақтастықта бірге жұмыс істеп келе жатқанын атап өтті.

«Бізді әрдайым өзара тәжірибе алмасуға, инновацияларды дамытуға, іскерлік және гуманитарлық байланысты нығайтуға деген ұмтылыс біріктіреді.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ

Алматының Орталық Азиядағы әлеуеті нығайып келеді

Алматы Орталық Азиядағы медициналық туризмнің негізгі орталықтарының біріне айналуға. Біз туристік инфрақұрылым жағынан да, медициналық қызметтердің сапасымен де және көлік байланысының қолжетімділігімен де мақтана аламыз. Біздегі заманауи медициналық орталықтар озық үлгідегі құрылғылармен жабдықталған. Кардиология, онкология, нейрохирургия, трансплантология және репродуктивті медицинада жоғары білікті мамандар жұмыс істейді», – деп атап өтті Ақмарал Есжанова.

Ал Үндістан делегациясының өкілі Шри Хотти Лал екі ел арасындағы өзара іс-қимыл жаңа деңгейге көтерілгенін тілге тиек етті.

«Алматы мен Үндістан медициналық

туризм саласындағы ынтымақтастықты одан әрі ілгерілетуге тұрақты қызығушылық танытып отыр. Бірлескен меморандумға қол қою бұл саланың екі елде де дамуына ықпал етіп, дәрігерлер арасында тәжірибе алмасуды кеңейтіп, заманауи медициналық технологияларды енгізуге мүмкіндік береді», – деді шетелдік мейман.

Форум бағдарламасы бойынша тақырыптық, сараптамалық баяндамалар жасалып, панельдік сессиялар өтті. Онда медициналық туризмді дамытудың өзекті мәселелері, сондай-ақ жоғары білікті медициналық көмек көрсету бағытындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндіктері талқыланды.

Халықаралық форум қонағы, қазір

Делиде тұрып жатқан жерлесіміз Жания Елемес те өзінің миссиясын бөлісті.

«Мен онкологияның қатерлі төртінші стадиясымен ауырдым. Ем-шипаны Үндістан клиникасынан алып, сауығып шықтым. Қазір сол елде тұрып жатырмын. Мақсатым – ауыр диагнозы бар жандарды озық медициналық ұйымдарға, білікті дәрігерлерге бағыттау, дертіне шипа табудың ең тиімді жолын көрсету және өзіміздің отандық медициналық туризмнің дамуына, оның Орталық Азиядағы орнының нығая түсуіне үлесімді қосу», – дейді Zhaniya Medical Service LLP (Дели) директоры Жания Елемес.

Сарапшылар бұл форум жоғары деңгейде тәжірибе алмасқан, күрделі ауруларды диагностикалау мен емдеуді заманауи тәсілдерін ұсынған, медициналық қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесін талқылаған, сондай-ақ Алматы мен шетелдердің медициналық мекемелері арасындағы өзара іс-қимылды дамыта түсудің кәсіби алаңына айналғанын ерекше атап өтті.

Алматы тарабы бұдан әрі де медициналық туризмді дамыта бермек және мегаполисті халықаралық аренада ілгерілету позициясын төмендетпейді. Өз кезегінде үндістандық әріптестер де бұдан әрі де серіктес болуға ынталы, инвестицияларға және бірлескен жобаларға ашық екендігін жеткізді.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ – 90

Алматыда VII халықаралық «ORLEU: Түркі билерінің жаңғырығы» фестивалі өтті. Үш күнге созылған ауқымды әрі мәдени іс-шарада түркі дүниесінің би өнері кеңінен насихатталып, түбірлес, туыстас ұлттардың мәдени әлеуеті ортақ арнаға тоғысты. Фестиваль жас өнерпаздардың шеберлігін шыңдап қана қоймай, әр елдің хореографиялық мектептері арасындағы шығармашылық үндестік пен тамырластықты нығайтуға жол ашты.



Суреттерді түсірген Самаг СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТҮРКІ БИ ӨНЕРІ

Дастан
ҚАСТАЙ

Фестиваль Алматы хореографиялық училищесі базасында ұйымдастырылды. Бағдарлама аясында ағайындас мемлекеттерден келген майталман мамандар өз шеберлігін көрсетіп, жас бишілерге дәріс берді. Ұлттық би өнерінің ерекшеліктерін айқындап, Алматы құшағында түркі сарынын асқақтатқан гала-концерт ұйымдас-

АЛМАТЫДА ТОҒЫСТЫ

тырды. Қатысушылар халық биінің табиғатын, өзіндік ерекшелігін, сан-салалы сипатын ұғынып, бүгінгі балет өнеріне жалғасқан заманауи түрленіс пен өзгерістерді талқыға салды.

Түркі дүниесінің би өнерін ортақ арнаға тоғыстыру бұл іс-шараның басты ерекшелігі болды. Мамандардың айтуынша, халық биі – ұлттың жады мен болмысын, мінезі мен дүниетанымын сақтайтын біре-

НАУРЫЗНАМА



ҰЛТТЫҚ РУХ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Шаһардағы №224 жалпы білім беретін мектепте «Наурыз думан» атты кең ауқымды мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Аталған жиын Ұлыстың ұлы күнінің мәні мен маңызын насихаттап, жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды дәріптеуді мақсат етті.

Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

Мерекелік бағдарлама барысында мектеп ұстаздары мен оқушылар өнер көрсетіп, әсем әндер шырқап, ұлттық би биледі. Сонымен қатар, қазақ халқының бай салт-дәстүрлері кеңінен таныстырылып, мектеп ауласында киіз үй тігіліп, ұлттық нақыштағы ерекше атмосфера қалыптасты.

Іс-шара аясында ұлттық ойындар ойнатылып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйланды. Бұл күн оқушылар үшін мереке ғана емес, тағылымға толы танымдық алаңға айналды.

– «Наурыз думан» – оқушылардың шығармашылығын шыңдап, ұлттық рухты нығайтатын тағылымды мереке. Бүгінде ұлттық құндылықтарды жаңғыртып, оны жас ұрпақтың бойына сіңіру – білім беру жүйесінің басты бағыты. Осы мақсатта №224 «Келешек» мектебінде

Наурыз мейрамын атап өту тәрбиелік мәні зор дәстүрге айналды, – деді мектеп директоры Райза Ахметова.

Сонымен қатар, Наурызнама аясында мектепте «Әкелер мектебі» жобасы, Амал мерекесі, ұлттық ойындар, концерттік бағдарламалар мен «ауыл» форматындағы танымдық алаңдар ұйымдастырылып, оқушылар халқымыздың бай мұрасымен терең танысты.

Мектеп ұжымы «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында да белсенді жұмыс жүргізіп, оқушылар арасында табиғатқа жанашырлық пен экологиялық мәдениетті қалыптастыруды жалғастырып жатыр екен.

Ата-аналардың да мектеп өміріне белсенді араласуы қуантады.

– Бұл мектепке келген алғашқы күннен бастап ерекше жылулық пен қамқорлықты сезіндік. Балаларымыз жаңа ортаға тез бейімделіп, мектепке қуана баратын болды. Әсіресе, ұлттық құндылықтарға ерекше мән берілетініне ризамыз. Наурыз – тек мейрам емес, ол – тәрбие мен рухани сабақ. Осындай игі іс-шаралардың бір бөлігі болу біз үшін үлкен мәртебе, – деді ата-ана Маржан Булатхан.

Іс-шара соңында барлық қатысушы бір-біріне ақжарма тілектерін арнап, Ұлыстың ұлы күнін ерекше ықыласпен қарсы алды. Шынында да, Наурыз – тек мейрам емес, ол – бірлік пен берекенің, тағылым мен тәрбиенің алтын арқауы.

АССАМБЛЕЯ

«БІРЛІК – БІЗДІҢ КҮШІМІЗ!»

Тәуелсіз республикамыздың 35 жылдығына орай мерейтойлық іс-шаралар легін Алматыда әр ұлт өкілдерінің мәдени бірлестіктері бастады. Қ.Қожамьяров атындағы Республикалық мемлекеттік академиялық ұйғыр музыкалық комедия театрында «Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз» атты мерейтойлық кеш өтті. Іс-шараны «Қазақстан дүнгендері республикалық этномәдени орталығы» ұйымдастырды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Қазақстан мемлекетінің Әнұранымен басталған кеште дүнген халқының тарихы және оның Қазақстан жеріндегі 150 жыл жүріп өткен жолы туралы деректі фильм көрсетілді. Сонымен қатар, «Дүнген этносының тірі мұрасы» атты көрме ұсынылды. Көрме қазақ жерін мекендейтін этностардың мәдени алуандығын танытуға және ұлттық құндылықтарды сақтау мен насихаттауға бағытталды. Көрме экспозициясында дүнген халқының тіршілігіне қатысты тұрмыстық бұйымдар, ұлттық киім үлгілері, қолөнер туындылары мен тарихи жәдігерлер қойылды.

Сонымен қатар, келушілер этностың салт-дәстүрлері, мәдени ерекшеліктері және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани мұраларымен кеңінен танысу мүмкіндігіне ие болды. Бұл көрме Қазақстандағы этносаралық татулық пен келісімнің нақты көрінісі ретінде бағаланып, көпэтносты қоғамдағы бірлік пен өзара құрметтің маңызын айқындай түсті.

Іс-шараға Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігі ҚХА хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов, Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Айдар Есенбеков, ҚХР-ның Алматыдағы бас консулының орынбасары Люю

гей өнер. Сондықтан жас бишілер үшін техникалық шеберлік қана емес, ұлттық дүниетанымға тамыр бойлату да аса маңызды.

Алматы хореографиялық училищесінің директоры Ая Қалиева бидің ұлт руханиятындағы орнына ерекше назар аударды:

– Би – жәй ғана сахналық қимыл емес, ол халықтың рухын, дүниетанымын, тарихын танытатын өнер. Әрбір биші өз халқының би мәдениетін Ту, Елтаңба, Әнұран секілді қастерлеуі керек. Өйткені, би – ұлттық болмыстың бір көрінісі. Биші сахнада тек өнер емес, туған елінің мәдениетін танытады. Ал өнер – халықтарды жақындастыратын рухани көпір, – деді биші.

Фестивальдің құрметті қонағы әрі қазылар алқасының мүшесі, Түркияның белгілі өнер қайраткері Тан Сагтюрк жобаның маңызын ерекше атап өтті. Тан Сагтюрк бұған дейін де «ӨРЛЕУ» фестиваліне құрметті қонақ ретінде қатысқанын еске салды:

– Осында бірге өткізген уақыт біз үшін оттегідей қымбат. Бұл – менің әлемім. Мазмұнды жүздесулер жанымызды күн шуағындай жылытады. Өнерден қол үзбеңіздер, – деді Тан Сагтюрк.

Фестиваль аясында сахналанған қойылымдарда халықтық нақыш пен заманауи хореографиялық шешімдер үйлесім тапты. Әр елден келген жас бишілер өз мектептерінің қолтаңбасын танытып, ортақ мәдени сабақтастықтың сан қырын паш етті. Аталмыш фестиваль ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің 90 жылдығына арналғанын айрықша айта кетейік.

И, Қырғызстандағы дүнгендердің қоғамдық бірлестігінің төрағасы Кәрім Хандов қатысты.

– Біздің елімізге қоныстанғанына 150, нақтырағы 148 жыл болған дүнгендердің саны қазір 85 мыңнан асты. Олар адал еңбек етіп, ел экономикасының дамуына үлес қосып, өз тілі, тарихы мен дәстүрін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыр, – деді Марат Әзілханов.

Ал «Қазақстан дүнген республикалық этномәдени орталығының» төрағасы Зайнуддин Махусеев 2022 жылы құрылған ұйым бүгінде Қазақстанның 11 өңіріндегі филиалды біріктіріп отырғанын атап өтті.

Кеш аясында тәуелсіздік жылдарындағы ел дамуына үлес қосқан азаматтардың еңбегі ерекше атап өтілді. Ел өмірінің дамуына қосқан зор еңбектері үшін дүнген этносының үздік өкілдері Алғыс хаттармен марапатталды. Іс-шара соңы шығармашылық ұжымдардың қатысуымен өткен мерекелік концертке ұласты. Онда Қазақстандағы түрлі этностардың достығы мен ұрпақтар сабақтастығының символына айналған халық әндері мен музыкалық композициялар орындалды.



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Көк тіреген зәулім ғимараттар мен архитектура-лық нысандар өз дәуірінің тыныс-тіршілігін, тарихын үнсіз баяндайтын шежіре секілді. Қала көшелерінде ұлттық нышан мен нақыштың исі аңқып, әр бұрышында төл мәдениетіміздің ізі байқалса, бұл – Елзат МҰҚАШ сияқты кәсіби сәулетші-дизайнерлердің еңбегі. Оның басқалардан ерекшелігі – әрбір жұмысын ұлттық стильмен безендіруінде. Қазақы стильді заманауи сәулетпен үйлестіре жасаған жобаларының арқасында бұл бағыт қазір сұранысқа ие. Біз қазақ архитектура-сын жаңаша деңгейге көтеріп жүрген сәулетшімен сұхбаттасып, шығармашылығы мен ұстанымдары туралы әңгімелескен едік.

**Елзат МҰҚАШ,
сәулетші-дизайнер:**

«ӨЗ АРХИТЕКТУРАСЫ ЖОҚ ҰЛТ – ӨЗ ҮЙІНДЕ ҚОНАҚ»

«Ізденіс жолы қазақилыққа алып келді»

– Елзат аға, сәулет өнеріне ұлттық дүниетанымды енгізуге талпынған санаулы дизайнердің бірісіз. Бұл бағыттағы ізденіс қалай басталды және оған не жетеледі?

– Шынымды айтсам, әуел баста мені бұл салаға қазақы стильді дәріптеу немесе архитектурада ұлттық нақышты қалыптастыру мақсаты емес, кішкентайымнан әрқашан өзгелерді қайталамай, ерекше болғым келетін сезім алып келді. Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясында сәулетші мамандығында білім алдым. Архитектура мамандығын оқып жүрген кезімде тапсырыстар алып, жұмыс істегім келді. Әсіресе, интерьер дизайнына қызықтым. Бірақ тапсырыс алмас бұрын, әлемде қандай стильдер бар екенін зерттеп алуды жөн көрдім. Ағылшын, қытай, жапон, т.б. әлемдік ұлттық стильдердің шығу тарихын зерттей бастадым. Осы стильдерді көрген кезде өзіміздің төл нақышымызды іздедім. Сөйтсем, өкінішке қарай қазақша стиль интерьер дизайнында да, сәулет өнерінде де әлі қалыптаспаған екен. Өзіме «Неге қазақы стиль жоқ, оны неге дамытпасқа?» деген сұрақ қойып, сол бағытты зерттеуді бастап кеттім.

Қазақша стильді қалыптастыру үшін не істеу керек деген сұрақ туындады. Зерттеулер барысында тарихқа үңіліп, қазақтың мәдениетін, сәулет өнеріндегі ұлттық мәнерді тереңірек зерттедім. Сонда ғана менде ұлттық құндылықты дамыту керек деген патриоттық сезім оянып дер едім. Бір сөзбен айтқанда, сәулет өнері мені қазақилыққа алып келді.

– Дәстүрлі сәулет стилін қалыптастыруда қандай қиындықтарға жиі кездесесіз?

– Қазір қалада құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр, алайда осы қарқынның ішінде ұлттық болмысты айқындайтын қазақы стильді сақтап, оны заманауи сәулетпен үйлестіре отырып енгізу – біздің басты міндетіміз. Мәселенің негізгі себебі – сұраныстың жоқтығы. Сұраныс неге жоқ десеңіз, біздің санамызға «қазақша стиль жоқ» деген түсінік сіңіп

кеткен. Кейбіреулер архитектурада төл нақышты ауқымды деңгейде қолдану мүмкін емес деп ойлайды. Менің міндетім – осы қағиданы өзгерту. Сондықтан әлеуметтік желіде блог жүргізіп, оқырмандарға қазақы стильді заманауи сәулет пен дизайнға енгізудің мүмкін екенін көрсетуге тырысып жүрмін. Яғни үкіметке барып жобалар ұсынғаннан гөрі, халыққа түсіндіру тиімдірек деп есептеймін. Адамдар түсіне бастаса, архитектураға ұлттық колоритті енгізу мүмкін екеніне көз жеткізсе, сұраныс пайда болады. Ал сұраныс болған жағдайда, мемлекет пен жеке құрылыс компаниялары тарапынан салынатын ғимараттар қазақша кейіпке өзгере бастайды деген сенімдемін.

Қытайдағы «Жібек жолы» деген орталықта тарихтағы Ұлы Жібек жолына қатысы бар халықтардың сәулет стилінде салынған түрлі ғимараттар орналасқан. Парсы, қытай және басқа да халықтардың архитектурасы кеңінен көрсетілген. Ал қазақ стиліне келгенде киіз үй ғана қойылған. Қазақтың сәулет өнері толыққанды, жүйелі түрде жеткізілмеген. Яғни жобалаушы-сәулетші қазақ стилінде ғимарат жасағысы келгенімен, оған қажетті ақпарат пен дайын үлгілерді таба алмаған болуы керек. Сол себепті, ең қарапайым әрі белгілі нұсқа ретінде киіз үйді ғана пайдаланған. Бұл жағдай қазақ архитектурасының әлеуеті толық ашылмай отырғанын көрсетеді. Сондықтан менің мақсатым – қазақ сәулетінің өзіндік ерекшеліктерін зерттеп, оның дизайны мен ережелерін жүйелеп, нақты бағыт ретінде қалыптастыру.

Ұлттық идеологияның құралы

– Қазақтың төл нақышы – тілсіз тарих. Бір ғимарат арқылы қандай оқиғаны «сөйлеткіңіз» келеді?

– Қазақтың әрбір элементінің өз мағынасы бар. Ғимарат арқылы мен бір оқиғаны емес, халқымыздың дүниетанымын, тарихын, өмір салтын көрсеткім келеді. Әрбір деталь арқылы ұлттық рухты жеткізу маңызды деп есептеймін.

Өз архитектурасы жоқ ұлт – өз үйінде қонақ сияқты. Біз көбіне Еуропаның талға-

мына, батыстың стандартына еліктейміз. Сонда өзіміздің төл қолтаңбамыз қайда қалды?! Архитектура – тек қабырға емес, ұлттық идеологияның құралы. Егер ұлттың өзіне тән сәулет өнері болмаса, ол өзін өз жерінде жат сезінеді.

– Алматыдай ірі қалаларда урбанизация тездеп, жаңа ғимараттар көптеп салынууда. Мұндай қарқынды кезеңде ұлттық сәулет стилін дамыту қаншалықты мүмкін?

– Әрине, дәл осындай қарқынды қазақы стильді енгізу – қазіргі күннің басты талабы болуы керек. Қалаларымыздың келбеті түсініксіз, ұлттық болмыс, өзімізге тән өзіндік ерекшелік көмескіленіп бара жатқандай. Бұл үрдіс жалғаса берсе, болашақта төл мәдениетіміздің сәулеттегі ізі мүлде байқалмай қалуы мүмкін. Оған жол бермеу үшін ұлттық нақышты жаңғыртып, оны заманауи кеңістікпен үйлестіру қажет деп ойлаймын. Оны дамытатын – біз, сәулет саласының мамандары. Уақыт өлтірмей, дәл қазірден бастап нақты қадам жасап, ұлттық сәулеттің негізін қалыптастыруға күш салуымыз керек.

Құнды сәулеттік жәдігер

– Бір сұхбатыңызда шығармашылық адамы үшін ең бастысы – қайталанбайтын дүниелер жасау екенін айттыңыз. Кез келген қарапайым заттың өзінен тың ой тудыруға болатынын қандай мысалдармен көрсете аласыз? Ерекше идея қалай туады?

– Шығармашылық адамы болғасын маған қайталанбайтын дүниелерді жасау өте маңызды. Әрқашан өзгелерге ұқсамау үшін идея іздеп жүремін. Кез келген дүниеден шабыт алып, тың ой табуға болады. Әсіресе, қазақша стильдің қалыптаспауы біз үшін үлкен сын. Қазақ халқының мәдениеті мен тарихы аса бай. Қарапайым киіз үйдің өзінде сан түрлі элемент пен терең мағына бар. Киіз үй – ең құнды сәулеттік жәдігер. Осыны терең түсінген сәулетші қайталанбас, теңдесі жоқ туындылар жасай алады. Себебі, әр детальдың тарихы мен мәнін білмей, шынайы көркемдік пен рухты жеткізу мүмкін емес.

– Егер сізге толық еркіндік беріліп, белгілі бір ауданның немесе шағын

қаланың сәулеттік келбетін жобалау тапсырылса, оны қандай идеяға негіздер едіңіз?

– Егер толық еркіндік берілсе, мен жобаны қазақтың дүниетанымына негіздер едім. Кеңістікте ұлттық философияны, табиғатпен байланысын, өмір салтын көрсетуге тырысар едім.

Экостиль қатар тұруы керек

– Кейінгі жылдары әлемдік архитектурада экологиялық, яғни табиғатпен үйлесімді жобаларға ерекше мән беріліп жүр. Қазақтың пайымы да табиғатпен жарасым тапқан. Осы екі бағытты біріктіріп, ұлттық әрі заманауи сәулет жасау мүмкін бе?

– Иә, дұрыс айтасыз. Қазақтың архитектурасы, негізі экостильге өте жақын. Бүгінде экостильдің бастауы ретінде скандинав елдері жиі айтылады. Бірақ олар бұл бағытты тек ХХ ғасырдың ортасында ғана қолдана бастады. Ал біздің ата-бабаларымыз әлдеқайда ертерек табиғатпен үндес өмір сүрген. Түркі империясы кезінде де, Шыңғыс хан дәуірінде де біздің бабалар әлемді көрді деп айтуға болады. Олар архитектураның дамуын көрді, табиғатқа сай келмейтін ғимараттарды да білді. Соған қарамастан, киіз үйді таңдады. Бұл – саналы таңдау. Сондықтан менің жобаларым ата-бабаларымыз таңдаған жолмен, табиғатпен үндестікке негізделеді. Қазақы стиль сәулет өнерінде экостильмен бірге жүруі керек деп есептеймін.

– 50 жылдан кейін жұртшылық қазақ архитектурасы десе нені елестетеді?

– Жаһандану дәуірінде өзгелерді шетелдік сәулет үлгілерімен таңқалдыру қиын, ал төл нақыштағы архитектура әрдайым ерекшелігімен, терең мазмұнымен құнды. Мен сәулетші ретінде, негізі қазақ архитектурасының қазіргі жағдайы әлем бойынша ұтымды деп есептеймін. Себебі, бізде әлі толық қалыптасқан архитектура жоқ. Бұл – кемшілік емес, керісінше, мүмкіндік. Бүгінгідей бүкіл әлем жаңа стиль іздеп жүрген кезде бізде үлкен мүмкіндік бар. Бай мәдени мұрамызды қолданып, жаңа стиль қалыптастыруға толық мүмкіндік бар. Тек архитектуралық бағыт емес, сонымен қатар үлкен маркетингтік қадам болайын деп тұр. Біз жаңа стиль арқылы өзіміздің қазақ екенімізді көрсетіп, мәдени мұрамызды әлемге паш ете аламыз. Бұл бір жағынан жарнама болар еді...

– Мазмұнды әңгімеңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА



«ТҰРАН» УНИВЕРСИТЕТИ

БОЛАШАҚ ДИПЛОМАТТАР БАС ҚОСАДЫ

Бүгінде халықаралық саясат күн сайын өзгеріп, әрбір ел ұлттық қауіпсіздігі мен біртұтастығын сақтап қалуға барын салуда. Ықпалға ие саяси күш орталықтары арасындағы текетірестер уақытша тенденция ретінде өткенімен, ел мен жердің біртұтастығы мен қауіпсіздігі басты құндылыққа айналғаны айқын. XXI ғасырдың алғашқы ширегінен байқағанымыздай, болашағы жарқын, жаһандық өзгерістерге сәтті бейімделіп, білім мен ғылымды бірінші орынға қойған өз ықпалын арттыра алды. Бұл тұрғыда отандық жоғары оқу орындары сапалы маман әрі мемлекетшіл азамат даярлауда маңызды рөл атқарып келеді.



(Дереккөз: www.turan.edu.kz)

«Тұран» университеті елімізде алғаш болып ашылған жекеменшік жоғары оқу орны ретінде, ашылғалы бері түрлі салада 30 000-нан астам кәсіби маман даярлап шығарды. Түлектер арасында министрлерден бастап, еліміздің экономика, мәдениет, қаржы, қоғаммен байланыс және халықаралық саясат салаларында маңызды қызметтер атқарып жүрген азаматтар бар.

Университет аясында оқытылатын 50-ден астам білім беру бағдарламаларының ішінде «Халықаралық қатынастар» және «Аймақтану» бағдарламалары тек елімізде ғана емес, тұтас Еуразия кеңістігінде бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда алдыңғы қатарға шықты. Бұлай деп сеніммен айтуымызға, «Халықаралық қатынастар және дипломатия» жоғары мектебі түлектерінің бүгінде БҰҰ кеңселерінде, Халықаралық көші-қон ұйымында және түрлі елшіліктерде жоғары сұранысқа ие маманға айналуы дәлел.

Түлектердің 70%-ы жоғары оқу орнын бітірген алғашқы жылында өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасады. Қалған бөлігі ғылым жолын таңдап,

магистратура және PhD докторантура деңгейлерінде білімін жалғастырады. Мұндай нәтиже кездейсоқ емес. Біріншіден, кадр мәселесі. Бүгінде халықаралық қатынастар және дипломатия жоғары мектебінің оқытушы профессорлық құрамының 70%-дан астамы ғылым кандидаттары, PhD докторлар мен профессорлар. Ғылым арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында жас зерттеушілердің үлесіне ерекше көңіл бөлініп отыр.

Екіншіден, жоғары оқу орнының өндіріс орындарымен және жұмыс берушілермен тікелей, үздіксіз байланыс орнатуы маңызды рөл атқарады. Осыдан он бес жыл бұрын университет жанынан арнайы Дипломат студенттік клубы құрылып, БҰҰ-ның қоғаммен байланыс бөлімімен бірлесіп «БҰҰ моделі» атты студенттік конференция өткен еді. Сол уақыттан бері Халықаралық қатынастар және дипломатия жоғары мектебінің халықаралық ұйымдармен және Сыртқы істер министрлігімен бай-

ланысы бір сәтке де бәсеңдеген емес.

Нәтижесінде биыл дәстүрлі «Біріккен Ұлттар Ұйымы моделі» студенттік конференциясы он бесінші рет 24 сәуірде өтеді. Биылғы іс-шарада «дөңгелек үстелге» он бестен астам елдің елшілері қатысып, өз пікірлерімен бөліспек. Сонымен қатар, 350-ден астам мектеп оқушылары мен колледж және университет студенттері еліміздің барлық өңірінен және жақын әрі алыс шетелдерден келіп қатысады. «Turan Model United Nations 2026» іс-шарасы БҰҰ комитеттерінің жұмысына барынша жақын форматта өтіп, әлемдік саясаттың өзекті мәселелерін талқылауға бағытталған іргелі іс-шара.

Іс-шара барысында жастар дипломатиялық этикет, шешендік өнер, көшбасшылық, тілдік және ымыраға келу дағдыларын дамытады. Негізгі мақсаты, әрине, комитеттер аясында ортақ шешімге келіп, нақты қарар қабылдау. БҰҰ моделі қатысушыларға өз орнын әлемдік қауымдастықтың бір бөлігі

ретінде сезінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл дегеніміз, жаңа орта мен студенттік өмірдің ерекше атмосфера сын сезінуге жол ашатын іс-шара.

Конференция қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өтеді. Барлық қатысушыға арнайы сертификаттар мен ерекше сыйлықтар табысталады.

Күн тәртібіндегі басты мәселе – жаһандық саясаттың құбылмалы кезеңінде халықаралық құқықтың мәртебесін қалай қалпына келтіреміз? Сонымен қатар, жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар қарқынды дамып, қоғамның барлық саласына еніп жатқан тұста жаһандық қауіпсіздік тұрғысынан олардың рөлі мен ықпалы қалай реттелуі керек? Осы сынды маңызды сұрақтар мың жасаған шағарымыздың төрінде – 24 сәуір күні «Тұран» университетінде талқыланып, нақты ұсыныстар әзірленіп, арнайы қарар қабылданады.

Іс-шараға барлық БАҚ өкілдері мен қызығушылық танытқан азаматтар шақырылады. «БҰҰ моделі 2026» конференциясы туралы толық ақпаратты «Тұран» университетінің ресми веб-сайтынан және әлеуметтік желідегі парақшаларынан біле аласыздар, қадірлі қауым.

«Turan Model United Nations 2026» – тек студенттік конференция емес, жаһандық деңгейде ойлана алатын, жауапкершілігі жоғары жаңа буынның қалыптасу алаңы. Талқыланған әрбір идея мен қабылданған шешім болашақта нақты саясат пен халықаралық ынтымақтастыққа ықпал ететін бастамалардың негізіне айналуы әбден мүмкін.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
«Тұран» университеті,
«Халықаралық қатынастар және дипломатия жоғары мектебі» директоры, PhD,
«Болашақ» бағдарламасының түлегі.

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Қазақ ұлттық қыздар педдагогикалық университеті залында «Ана – өмір шуағы» атты диалог өтті. Кездесуде қоғам қайраткерлері, сарапшылар, психологтар, құқық қорғау саласының мамандары және белсенді аналар бас қосып, отбасы институтын нығайту мәселесі мен қазіргі қоғамдағы әйелдердің рөлін талқылады.



Ана бақыты – шаңырақ кепілі

Рая
ЕСКЕНДІР

«Отбасы – бақыт мекенім» жобасы аясында өткен бұл іс-шара Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасы Қоғамдық даму орталығының бастамасымен ұйымдастырылған болатын. Кездесу отбасы мен кәсіби өмірді қатар алып жүру, балалармен қарым-қатынас орнату және цифрлық ортада өсіп келе жатқан жаңа буынмен тиімді байланыс құру басты тақырып болды.

Сонымен қатар, отбасылық қауіпсіздік, құқықтық сауаттылық және әйелдердің қоғамдағы белсенділігіне қатысты сұрақтар да назардан тыс қалған жоқ. Жиынға қатысушылар тек тыңдаушы ретінде емес, пікір білдіруші ретінде де белсенді қатысты. Өмірдегі өз тәжірибелерімен бөлісті.

«Ашық микрофон» кезінде қатысушылардың сарапшыларға тікелей сұрақ қойып, нақты мәселелер бойынша тұшымды жауап алды. Бұл ретте қатысушылар дәстүрлі құндылықтарды сақтай отырып, заманауи өмірге бейімделудің маңызын атап өтті. Сондай-ақ, бала тәрбиесіндегі эмоционалды қолдау, аналардың психологиялық жағдайы және отбасы ішіндегі қарым-қатынас мәдениеті де талқыланды. Кездесу тек талқылаумен шектелмей, түрлі жаттығуларға қатысып, күнделікті өмірде қолдануға болатын тәсілдермен танысты. Бұл формат ұсынылған ақпаратты тек теория ретінде емес, нақты қолдануға болатын құрал ретінде қабылдауға мүмкіндік берді.

– Әр әйелдің өзі ғана білетін жеке ақшасы болуы керек, бұл отбасыға сенбеуден емес, қаржылық тәуелсіздік – ішкі тыныштық пен өзіне деген сенімнің

негізі болғандығы үшін қажет. Бұл әйелдің өмірдегі ұстанымын өзгертіп, еркін шешім қабылдауға мүмкіндік береді, – деп атап өтті құқық қорғаушы Жанна Оразбақова.

Ал «Жаухар» қоғамдық қор төрағасы Нұрислам Оразалыұлы «Отбасы – бақыт мекенім» жобасы бірнеше жылдан бері атқарған жұмыстарымен таныстырды. Оның айтуында аналарға арналған диалогтық алаңдардан бастап балалар мен әкелерге арналған «Талағай» спорттық жарыс, басқа да түрлі форматтарды қамтыған түрлі шараларға бастамашы болып келген.

Бұл кездесу өзекті мәселелерді ашық талқылауға, пікір алмасуға және жаңа көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ұйымдастырушылар мұндай кездесулер қоғамдағы отбасы құндылықтарын нығайтуға бағытталған жүйелі жұмыстардың бір бөлігі екенін атап өтті.

М.МАҚАТАЕВ – 95

«Жырлайды жүрек»

Оқушылар сарайының Үлкен концерт залында «Жырлайды жүрек» атты ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін оқудан қалалық көркемөз байқауы өтті. Аталмыш байқауға қала мектептерінің оқушылары қатысты.

Байқауды «Сардар» әдеби-драма театры «Жырлайды жүрек» атты композициямен ашты. Жылдар жылжып, ғасыр жалғасын тапса да, Мұқағалидың құдіретті өлеңдері халқының мәңгі жүрегінде қалды. Міне, ғасыр ақынының өлмес жыры өзіндік ұлттық бояуымен жас ұрпақтың да рухын оятты. Ақынның өмірді өлеңмен өрнектеп, жырмен кестелеген әрбір шығармасы кейінгі ұрпақ үшін таусылмас тәрбие көзі екенін осынау байқау тағы да дәлелдеп берді. Мұқағали мұрасы – бүгінгі ұрпақтың ғана емес, болашақтың да еншісі екенін уақыт дәлелдеп берсе, оның маржан жырлары – уақыт озған сайын құнын арттыра беретін асыл қазына.

Байқау барысында ғасыр ақынының сөзіне жазылған әндерге де кезек беріліп, ең кішкентай қатысушы Асен Айерке бастаған өнерпаздар М.Мақатаевтың сөзіне жазылған «Сары ала қаз» әнін, Қанапия Омар М.Мақатаевтың сөзіне жазылған «Қазағым-ай», Абылқасым Айару, Рахман Әли «Ана, сен бақыттысың», Кешубай Айнамкөз «Саржайлау», Дастан Тұрдалы «Күрең күз» әндерін

орындады. Ақын өміріне негізделген көрініс те қойылды. Байқау әсерлі және жоғары деңгейде өтті. Қатысушылар «Мұқағали мұрасы – құнды қазына» атты көрмені тамашалады.

– Байқаудың басты мақсаты – мектеп оқушыларының тіл байлығын, сөйлеу мәдениетін дамыту, балалар шығармашылығын қолдау, белсенділігін арттыру. Сонымен қатар, дарынды жастардың шеберлігінің шыңдалуына, өнерімен көпшілікке кеңінен танылуына мүмкіндік жасау, – дейді режиссер Әсия Мәлімова.

Бұл жолы да байқаудың әділқазылары осал болмады. Оның құрамында ҚР еңбек сіңірген қайраткері Бауыржан Бектаев, Халықаралық, республикалық көркемөз оқуларының жұлдегері, кино және театр әртісі, «Сардар» театрының актрисасы Әсем Естелік, ҚР білім беру ісінің үздігі, өнертану магистрі Мұрат Исханов сынды белгілі өнер иелері төрелік етті. Міне, ғасыр өтіп, жыл жылыса да, тау ұлының өлеңіне деген халқының құрметі сарқылар емес.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

АРДАГЕРЛЕРДІҢ АҚ БАТАСЫ –
АСҚАҚ АБЫРОЙ

Алматы – руханият пен мәдениеттің һәм әдебиеттің алтын ордасы. Бірақ Алматының сан жылдар бойы ұлт саулығының «дауасына айналып», тарих толғақты кезеңдерінде таяныш болғанын білеміз бе? Мәселен, қаламызда Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ардагерлерімізді емдеп, сауықтырып, қайта қатарға қосқан тарихи орталықтар әлі жұмыс істеп тұр. Сондай мекеменің бірі – Отан соғысы ардагерлеріне арналған республикалық клиникалық госпиталі. Сәті түсіп, госпиталь директоры Гаухар ТАЗАБЕКҚЫЗЫМЕН тілдесіп, сұхбат құрдық.

– Гаухар Тазабекқызы, ардагерлерге деген құрмет пен қамқорлықтың ыстық ұясына айналған госпиталь үшін өткен бір жыл қандай жетістіктерімен есте қалды?

– Былтырғы жыл біз үшін аса жемісті болды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша айтсам, госпитальдің тәулік бойы жұмыс істейтін стационарлық бөлімдерінде 4681 ардагерімізді емдедік. Дертіне дауа тапқан науқастар қатарында Ұлы Отан соғысының ардагерлері, Ауған соғысы мен Қарабақ майдангерлері, Семей полигонында зардап шеккендер, еңбек ардагерлері және оларға теңестірілген азаматтар болды.

Бұл көрсеткіштің өзі госпиталь қызметінің қоғам өміріндегі, әлеуметтік саладағы мән-маңызын көрсетеді. Дәрігерлерімізді де өз ісінің шебері, нағыз кәсіпқой мамандар деп айта аламын. Госпитальдің қызметкерлері қатарында 2 дәрігер «Халық Алғысы», 2 дәрігеріміз «Шапағат», 18 маманымыз «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», 13 маманымыз «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», 2 азаматымыз «Еңбек ардагері» сыйды атақ-марапаттарға жеткен. Мұның өзі біз үшін зор мақтанш.

– Госпитальде Жеңіс күні, Ауған соғысы, Чернобыль оқиғасына қатысты айтулы күндер қалай аталып жүр?

– Ауған соғысы – тарихымыздағы күрделі кезеңдердің бірі. Бұл соғысқа Қазақстанның 22 мың азаматы қатысқан. Жүздеген боздақ жат жерде қаза тапты. Госпитальде жыл сайын Ауған ардагерлерінің ерлігін ұлықтап, тарихи датаның мән-маңызын айтып отырамыз. Чернобыльде болған оқиғаны да атаусыз қалдырмаймыз.

Ардагерлердің басын қосып, ескерткіштерге гүл қойып, арнайы кездесулер ұйымдастырамыз. Жалпы айтқанда, госпиталімізде келелі кездесулер, тағылымға толы мерекелік кештер жиі өтіп тұрады. Студенттер, өнер адамдары, сондай-ақ өз қызметкерлеріміз де ән салып, концерт өткізеді. Ардагерлер естеліктерін бөліседі. Жеңіс күнін де жоғары деңгейде атап өтік.



Мысалы, былтыр, Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы колледжінің студенттері қойылым қойды. Қойылымда жастайынан майдан даласына аттанып, ол жақта мұз жастанып жатқан ардагерлеріміздің өмірі, шалғайда қалған ұрпағына деген сартап сағынышы көрініс тапты.

Жастығын, ата-анасын, қилы кезеңнің қиындықтарын есіне алған ардагерлеріміздің көзіне жас үйіріліп, ерекше

тебіреніп кетті. Ұжымдағы қызметкерлеріміз де жалынды жыр оқып, рухты ән шырқады.

– Тарихи даталардан тыс ұлттық мерекелер де мұнда айрықша мәнде аталып өтетін секілді...

– Сұрағыңызға орай айта кетейін, госпитальде ұлттық мәдениетімізге де, қазақ тілінің қолданысына да ерекше мән беріледі. Былтыр «Медицина мекемелерінде қазақ тілін үйрету мәселесі» атты алқасөз өткіздік. Жиында дәрігерлеріміз, тіл мамандары,

журналистер озық ойын ортаға салып, мемлекеттік тілдің дамуына қатысты тың ойларын бөлісті. Кейбір ұсыныстарды қазір жүзеге асырып жатырмыз.

Амал күні – көне дәстүріміздің бірі, халқымыз дәл осы күні жақындарының аман-саулығын сұрап, бір-біріне ізгі тілек айтқан. Амал мерекесінің өзі – берекемізді сақтауға деген құлшыныс. Біз де наурыз айының басында өзара қауышып, ардагерлеріміздің ақ батасын алып, спорттық іс-шараларға қатысып, мол дастархан жайып, бір жасап қаламыз.

Мұнымен қоса, Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай «Абай мұрасы – Алаштың алтын темірқазығы» атты көркемөз-өнер байқауы ұйымдастырылды. Біз байқау барысында ұжымды Абай әлемін тануға, атамиздың мол мұрасын насихаттауға тарттық. Байқауда үш номинация бойынша үздіктер анықталды. Жүлделі орын алған ардагерлеріміз, медицина қызметкерлері, қоғам қайраткерлері мен жас өнерпаздар тегіс марапатқа жетіп, бағалы сыйлықтар иеленді. Іс-шара соңында қатысушылар Абай мұрасын ұлықтау, рухани өнегесін талқылау тақырыбында пікір алмасты.

– Госпитальдің алдағы бағыт-бағдарын айқындау жайлы не айтар едіңіз?

– Госпиталь ұжымы ардагерлерге сапалы медициналық көмек көрсету, оңалту қызметтерін жетілдіру, рухани қолдау бағытында жүйелі жұмыс атқарды. Материалдық-техникалық базаны нығайту, мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру, профилактикалық және оңалту шараларын күшейту – басты басымдықтарымыздың бірі. Осы жоспар жетегінде биыл да бірқатар келелі, сапалы іс атқарамыз деп мақсат етіп отырмыз.

Кейінгі жылдары госпиталь емдеу мекемесі ғана емес, рухани ортаға айналып келеді. Біз әр ардагерге қамқорлық көрсетіп, қоғаммен ашық байланыс орнатуға ерекше мән береміз. Госпитальде бассейн терапиясы, иглорефлексотерапия (акупунктура), тұз шахталары, балшықпен емдеу, минералды ванналар және кәсіби массаж сынды бірқатар арнайы емдеу әдісі бар. Бұл қызметтер емделіп жатқан азаматтарымыздың оңалуына, тез сауығуына дем беруге, қалпына келу процесін күшейтуге бағытталған. Госпитальде тегін және ақылы ем қабылдау түрлері қарастырылған. Барша ардагерімізге құшағымыз ашық, олардың ақ батасын алып, алғысын арқалауды қашан да абырой санаймыз.

– Уақыт тапқаныңызға рахмет, істеріңізге табыс тілейміз.

Сұхбаттасқан
Дастан ҚАСТАЙ.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ

Радиожиілікті абляция

қалқанша безі түйіндерін кесусіз, наркозсыз емдеу әдісі

Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында «Қалқанша безінің түйінді түзілімдерін емдеудегі минималды инвазивті технологиялар» атты мастер-класс өтті. Профессор Хван Ён Джиннің (Сеул, Оңтүстік Корея) қатысуымен 6 науқасқа қалқанша безіне радиожиілікті абляция жасалды.



Нұржамал
Әліш

Ең жас алматылық пациент 26 жаста. Оның қалқанша безінің оң бөлігінде көлемі 4,4 см болатын уытты емес біртүйінді зоб диагнозы қойылған. Бұл – ірі түзілім болып саналады және мойын ағзаларын қысу

қаупіне байланысты көп жағдайда хирургиялық емдеуді талап етеді. Ал Алматы облысының 56 жастағы тұрғынында қалқанша безінің екі бөлігінде көлемі 4,3 см болатын уытты емес көптүйінді зоб анықталған. Екі пациентті де тыныс алудың және жұтынудың қиындауы, тамақ және су ішу кезінде жайсыздық, ауырсыну, тамақта бөгде

зат тұрғандай сезім, жыбырлау және жөтел белгілері мазалаған.

«Радиожиілікті абляция – қалқанша безі түйіндерін хирургиялық операциясыз емдеудің заманауи әдісі. Процедура барысында ісік тініне арнайы радиожиілікті ток әсер етіп, патологиялық жасушалар жойылады. Бұл ретте қалқанша безінің сау тіндері зақымданбайды. Қалқанша безіне абляция жасау жергілікті анестезиямен жүргізіледі, жалпы наркоз қажет емес. Пациент айтарлықтай жайсыздық сезінбейді», – дейді клиниканың интервенциялық хирургі Арман Ибраев.

Процедура 30 минуттан



астам уақытқа созылуы мүмкін, кей жағдайда күрделілігіне байланысты бір сағаттан асады.

Алайда, аталған технологиямен 20 жылға жуық уақыт

айналысып келе жатқан профессордың жоғары кәсібилігі мен шеберлігінің арқасында ем-шаралар бірнеше минут ішінде – ақ жылдам орындалды.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТАУ «ТОСЫН МІНЕЗ» ТАНЫТСА...

Қар көшкінінен құтқару жаттығуы өтті

Сәуірдің алғашқы күнінде Shymbulak аумағында арнайы оқу-жаттығу өтті. Бастама қар көшкіні кезіндегі сын-қатерді саралап, төтенше, оқыс оқиғаларға қарсы амал-әрекеттерді пысықтауға арналған.



Дастан
ҚАСТАЙ

Құтқарушылар «қар астында қалған азаматтарды» арнайы құралдар мен кинологиялық топтардың көмегіне сүйене отырып іздестірді, тауға шығамыз деп табиғаттың тосын мінезіне тап келген азаматтарға алғашқы медициналық көмек көрсетті. Сондай-ақ, тікұшақ арқылы эвакуациялауға жаттықты.

Оқу-жаттығу барысында «зардап шеккен азаматтар» Алматыдағы №4 қалалық клиникалық ауруханасына жеткізілді. Тікұшақтан түскен бойда ау-

рухана дәрігерлері азаматтардың қал-жағдайын біліп, алғашқы медициналық көмек көрсетті. Аталған жаттығу төтенше жағдайлар қызметінің әлеуетін танытуға, қар көшкіні кезіндегі жағдайларға қарсы дайындығын арттыруға, сондай-ақ құтқарушы, дәрігер және авиациялық бөлімше қызметкерлерінің бірлесе жұмыс атқаруын жетілдіруге негізделді.

№4 қалалық клиникалық аурухананың травматолог-ортопед дәрігері Жорабек Сұлтановтың айтуына қарағанда, медициналық мекеме мұндай шұғыл жағдайларға, науқастарды оңал-

ту-емдеу ісіне толық дайын. Оның сөзінше, ауруханада тәулігіне 250–300-ге дейін адам қаралады.

Аурухана жарақаттанған, оқыс жағдайларға тап болған науқастарды емдеуге мамандандырылған. Мұнда полиатравма, аралас жарақат, күйік сынды жарақат түрлері қарастырылып, анестезиологиялық көмекті қажет ететін науқастарға тәулік бойы көмек көрсетілді. Төтенше жағдай қызметінің мамандары да оқу-жаттығу аясындағы медициналық эвакуация кезеңінің осы мекемеде өткені кездейсоқ емес дейді.

Көпшіліктің назары 2011 жылдан бері Қазақстанда құрастырылып жатқан Eurocopter EC 145 тікұшағына түсті. Астана қаласындағы тікұшақ зауытында шыққан техника сағатына 278 шақырым жылдамдықта ұша алады.

Тізіншісімен қоса алғанда, 10 адамды тасуға қауқарлы. Апат кезінде, топан су басқанда, өрт шалғанда, жоғалып кеткен тұрғындарды іздегенде іске жегіледі.

Жорабек Сұлтанов аурухананың тағы бір маңызды артықшылығы ретінде тікұшақ қонатын арнайы алаңның бар екенін атап өтті. Бұл ауыр жарақат алған науқастарды жедел жеткізіп, уақыт оздырмай мамандандырылған көмек көрсетуге мүмкіндік берді.

Кезекті оқу-жаттығу көрінісі қасаң құтқару операциясы ғана емес, сондай-ақ зардап шеккендерге көмек көрсету барысын пысықтау, азаматтарды емханаға жедел жеткізу қызметін бағамдау және аурухана ішіндегі шұғыл көмек көрсету тізбегін нақтылауға мүмкіндік берді.

ЕРІКТІЛЕР ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Кибереріктілер есірткі бизнесіне қарсы: жаңа есірткіге қарсы саясаттағы қоғамның рөлі» тақырыбында баспасөз конференциясы өтті. Жиынға қатысқандар есірткімен күрестің қарқын алғанын атап өтіп, бүгінде қауіптің едәуір бөлігінің цифрлық ортаға ауысқанын әрі қоғамда оған қарсы тұрардай қауқар пайда болғанын айтты.



Дана
САДЫРҚАН



«Цифрлық ортаға ауысқандықтан, есірткіні қазір баяғыдай көшеде сатпайды, сондықтан оны анықтау да қиындау. Киберерікті – бұл қауіпті мәселені көріп, қол қусырып қарап отыра алмайтын қарапайым адам. Ол сигналды тіркеп, оны жеткізеді, осылайша қауіпті ертерек анықтауға көмектеседі», – деді «Наркостоп» жобасының PR-маманы Жанар Нұрсейітова.

Оның айтуынша, бұл үрдіс халықаралық деңгейде де расталып отыр. Жақында жоба өкілдері Венада өткен БҰҰ-ның Есірткі құралдары жөніндегі комиссиясының сессиясына қатысып, онда «Цифрлық қалқан» тақырыбы талқыланды. Есірткі бизнесі трансұлттық, технологиялық сипат алып, мессенджерлерді, онлайн-платформаны, цифрлық төлем мен криптовалютаны пайдалана бастаған. Сондықтан кез келген елде қаржы ағыны бақыланып, қылмысты анықтауға арналған технологияны енгізіліп, қоғамды соған қарсы жұмылдырып жатыр.

«Наркостоп» жобасы қазірдің өзінде пайдаланушыларды қылмыстық схемалардан сақтандырып, күмәнді нәрсеге жоламаудың жолын үйрететін бейнероликтер әзірлеп, осындай оқыту бастамасын жүзеге асыру үстінде.

Қалада жыл басынан бері полиция мен еріктілердің күш біріктіріп жұмыс істегенінің арқасында есірткі тарататын 670 сайт пен Telegram-арна анықталып, бұғатталған. Қалалық Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқарма-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

сының жедел уәкілі Сұлушаш Досболова осылай деп мәлімдеді. Спикердің айтуынша, наркоресурстарды ақпарат интернет кеңістігін бақылау арқылы, сенім телефонына келіп түскен өтініштер арқылы, «Е-Өтініш» платформасы арқылы, сондай-ақ жедел арналар арқылы анықтайды екен.

«Біз азаматтар мен жедел мәлімет арқылы, бір жағынан өзіміз де әлеуметтік желіні бақылап, бір ресурс туралы ақпаратты бірнеше дереккөзден алып отырамыз», – деді Сұлушаш Досболова.

Егер есірткі тарататын наркосайты, Telegram-арна мен есірткі жарнамалап жатқандарды көрсеңіз, +7 700 113 0102 WhatsApp нөміріне немесе Narko Shekteu Almaty telegram-каналына хабарлап айтуыңызға болады.

ЖАРНАМА

«Алматыэлектрқалқын» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік), БСН 38034000017, серіктестіктің жалғыз қатысушысының («Алматы қаласы жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы» КММ) 2025 жылғы 15 желтоқсандағы №4 шешіміне сәйкес, Серіктестіктің жарғылық капиталын 508 581 168,60 (бес жүз сегіз миллион бес жүз сексен бір мың жүз алпыс сегіз) теңге 60 тиын сомасына азайту туралы шешім қабылданғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов к-сі, 64. Тел.: 8 (727) 313-27-84, 8 708 809 68 02.

«KBS Gaz» ЖШС 2026 жылғы 26 наурыздағы №59-НҚ Алматы қаласы бойынша ҚР ҰЭМ ТМРК бұйрығы негізінде Птицевод, «Болашақ», «Дружба», «Қарасу» шағынаудандық газ тарату желілерінің тұтынушылары үшін газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау тарифінің 2026 жылдың 1 сәуірінен өзгергенін хабарлайды.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 30 наурыздағы №1/188 қаулысы

**Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын
белгілеу туралы (жария сервитут)**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 20 наурыздағы № 41.1-41.04/316-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2028 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде сыртқы инженерлік желілерді орналастыру үшін Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Боралдай көшесінде орналасқан, жалпы ауданы 0,1061 га жер учаскесін меншік иелерінен (жер пайдаланушылардан) алып қоюсыз жария сервитуттың шекара жоспарына және қаулының қосымшасына сәйкес шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.

2. «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскесінің меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) шектеулі пайдалану құқығының (жария сервитут) белгіленгені туралы және аталған жер учаскелерінде құрылыс жұмыстарын бастау мерзімдері туралы хабардар етсін.

3. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 30 наурыздағы
№1/188 қаулысына қосымша

Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің жалпы ауданы, га	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы, га
1	20-314-043-433	Талант көшесі, 42 А учаске	0,8500	0,0155
2	20-314-043-434	Талант көшесі, 40 Б үй	5,0000	0,0753
3	20-314-048-093	Павлодарская көшесінің батысы,	0,3294	0,0014
4	20-314-049-182	Жетісу ауданы, 99 учаске	0,1416	0,0080
5	20-314-049-290	Боралдай көшесі, 91/9 учаске	0,1199	0,0024
6	20-314-050-051	Боралдай көшесі, 91-В	0,2875	0,0035

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 1 сәуірдегі №2/195-417 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 13 қаңтардағы № 32.1-32.01/161-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы, Алматы, Жетісу, Әуезов, Алатау аудандарында орналасқан 2 (екі) жер учаскелерін Жетісу көшесінен қала шекарасына дейін Райымбек даңғылын қайта құру және жүрдек қоғамдық көлік (БРТ) салу үшін жүріс бөлігін қайта ұйымдастыру, жаяу жүргіншілер аймақтарын, көпірлер мен велосипед жолдарын жайластыру үшін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алматы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 1 сәуірдегі
№2/195-417 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығаруға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің жалпы ауданы, га
1	Балкунов Игорь Алексеевич, Балкунова Татьяна Павловна, Балкунова Алена Игоревна, Балкунов Евгений Игоревич	20-314-035-044	Потанин көшесі, 42, 1-пәтер	жалпы-0,0810 үлесі-0,0086
2	Киканов Дархан Телбаевич	20-311-041-191 (20-314-016-191)	Райымбек даңғылы, 182 А, 3-пәтер	

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 1 сәуірдегі
№2/195-418 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 3 мамырдағы №34.1-34/124-И хаты және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 маусымдағы №7 қорытындысының негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Рысқұлов көшесін узарту үшін Алматы қаласының Алатау ауданындағы Оңғарсынова көшесінен Алматы қаласының шекарасына дейін орналасқан 2 (екі) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алматы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;


2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ



Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 1 сәуірдегі
№2/195-418 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығаруға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің жалпы ауданы, га
1	Брюзгин Юрий Александрович, Радченко Илья Ильич, Радченко Никита Дмитриевич, Радченко Денис Дмитриевич, Хисамутдинов Виктор Валерьевич	20-321-068-1523	«Алғабас» шағынауданы, Орақты Батыр көшесі, 117, 2 пәтер	жалпы-0,1410 үлесі-0,0600
2	Брюзгин Юрий Александрович	20-321-068-1524	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 5/1	жалпы-0,0600 үлесі-0,0120
3	Радченко Илья Ильич, Радченко Никита Дмитриевич, Радченко Денис Дмитриевич	20-321-068-1524	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 5/1	жалпы-0,0600 үлесі-0,0120
4	Хисамутдинов Виктор Валерьевич	20-321-068-1524	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 5/1	жалпы-0,0600 үлесі-0,0360

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 1 сәуірдегі №2/195-419 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 10 қарашадағы №4/675-1365 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2025 жылғы 10 қарашадағы № 4/675-1365 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 63 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

« 63. «Сармат Групп-2» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 20:317:106:320 Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы, 154 учаске 1,5125 ».

реттік нөмірі 73 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

« 73. «Buta Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 20:317:106:197 Түркісіб ауданы, 9-шағынауданы (әуежай), 23/1 учаске 1,4281 ».

реттік нөмірлері 98, 99 жолдар келесі редакцияда толықтырылсын;

« 98. «Buta Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 20:317:106:198 Түркісіб ауданы, 9-шағынауданы (әуежай), 23/1 учаске 0,5313 ».

99. «Buta Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 20:317:106:199 Түркісіб ауданы, 9-шағынауданы (әуежай), 23/1 учаске 0,1886 ».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаты қабылдау емтиханы өтетінін хабарлайды

«Білім-инновация» лицейіне оқуға үміткерлер – 6-сыныпты аяқтаған ұл балалар.

Құжаттарды қабылдау 2026 жылдың 1 ақпанынан 12 сәуіріне дейін онлайн түрде жүзеге асырылады.

Қатысушы www.bilemtihan.kz сайтында онлайн-форманы толтырып, конкурсқа қатысуға өтінім береді. Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттар қажет:

– ата-анасынан немесе заңды өкілінен өтініш;

– туу туралы куәлік, ЖСН;

– 3x4 өлшемдегі фотосурет.

Құжаттардың түпнұсқалары талап етілмейді. Құжаттардың фотосуреттері сайтқа жүктеледі.

Үміткер 60 тест сұрағынан тұратын емтихан тапсырады:

● Математика және логика – 50 сұрақ;

● Оқу сауаттылығы – 10 сұрақ.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:

тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА

тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Серік ЖҰМАБАЕВ

тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІП

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел.: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

тел.: 293-08-25

8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:
alatauqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сөйсенбі және жұма күндері шығарылады.

Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор – Дана САДЫРҚАН

Газет «Алматы ақшамы»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.

Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00

Осеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

Газет «Алматы ақшамы»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.



(Суреттер: кейіпкердің жеке архивінен).

ӨНЕР

КІЛЕМ БЕТІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕР

Әз-Наурыздың шуақты күндерінде ұлттық рух пен заманауи өнер тоғысқан ерекше сәт болды. Кәсіби суретші Әсел Сабыржанқызы халқымыздың қадірлі дәстүрі мен бүгінгі заман тынысын ұштастыра отырып, Олимпиада чемпионы Михаил Шайдоровтың бейнесін кілем бетіне түсіріп, оны көпшілік алдында тарту етті. Бұл туынды жәй ғана сыйлық емес, Наурыздың жаңару мен ізгілікке үндейтін мәнін айшықтаған, халық ықыласының көрінісіне айналды. Ұлттық өнерді жаңа сипатта сөйлеткен суретшінің бұл еңбегі елдік рухты асқақтатып, мерекенің мазмұнын тереңдете түседі.

Нұржамал
ӘЛІШ

нежазбасын жариялаған болатын. Және суретші бұл туындысын Шайдоровқа сыйлағысы келетінін де айтқанды. Арманы орындалды.

Алматы халықаралық әуежайына Михаил бейнеленген кілемшесін жұбайы әрі продюсері Нұрдәулет екеуі көтеріп келіп, оны дүйім елдің алдында «бұл – саған халықтың сыйы» деп ұсынды.

Сыйлық

Осыдан біршама уақыт бұрын ол Instagram парақшасына Миша чемпионымыздың алтын алған күннің ертеңіне оның суретін кәдімгі кілем бетіне сала бастаған және толық аяқтап біткен сәтін, яғни бей-

Бояулар

Иә, ерекше картиналар жасайтын кәсіби суретші Әсел Сабыржанқызы екі-үш жылдан бері қағаз, кенептің орнына кілемді көбірек пайдаланып жүрген көрінеді. Оның дәстүрлі кескіндеме мен граффити арқылы кілемге салынған суреттері бүгінде әлеуметтік желіні жаулап алған. Ол бұған дейін Джеки Чан, Дженнифер Лопес сынды әйгілі жұлдыздардың да бейнесін кілемге бедерлеп, ол туындыларын да кейіпкерлерлеріне өз қолымен табыстаған сәтін былтыр сторисінде бөліскен болатын.

Ал түкті кілемдер бетінен орын алған «Көкбөрі», «Жер-ана», «Айтолқын-батыр» топтамасымен өмірге келген картиналарының дені бүгінде жеке коллекционерлердің қолында екен. Енді қазақ хандары бейнесінің топтамасын салуды жоспарлап жүрген көрінеді.

Кілемді таңдағанда ең алдымен оның тығыздығы мен пішініне мән береді. Сосын ондағы кескін-бейнелер уақыт өте келе өңіп кетпес үшін өткір бояуларды қолданады екен.

Креатор

Айтпақшы, Әселдің кенеп бетіндегі Алаш арыстарының, Бауыржан Момышұлы, Батырхан Шүкеновтің бейнелері, Геннадий Головкин, Димаш Құдайберген сынды жұлдыздардың портреттері де әлеуметтік желі қолданушыларына кеңінен танымал. Былтыр осы картиналарын Алматы музейінде өткізген көрмесіне әкеліп қойып, жұртшылықтың ықыласына бөленгені де бар.

Ассол жуырда TikTok нұсқасы бойынша «Жаһанның ТОП-50 креаторы» тізіміне енді. Бұл дәреже өнер әлемінде тренд қалыптастырып жүрген авторларға беріледі. Біздің Әсел бес номинацияның ішіндегі «Инноваторлар» (Innovators) санатынан табылды.

Иә, дәстүрлі өнерді заманауи үлгіде жаңғыртып, digital бағытында жұмыс істеп жүрген Әсел Сабыржанқызының кеудесінде өзгеше өнеріне берілген «Ерен еңбегі үшін» медалі де жарқырап тұр бүгінде. Екі баланың анасы.

МЕГАПОЛИС МӘДЕНИЕТІ

СУАСТЫ СЫРЛАРЫ

Алматыда ерекше көрме ашылды

Шаһарда суасты әлемінің тылсым тіршілігін танытатын ерекше фотокөрме көрерменге есігін ашты. Аталмыш көрме Қазақстанның маржан рифтері, су экожүйелері мен сирек кездесетін жануарларды қорғау тақырыбына арналып, теңіздегі жұмбақ тіршілік пен биоәртүрлілікті сақтаудың маңызын айшықтайды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Экспозиция халықаралық ғалымдар мен қазақстандық зерттеушілердің еңбектерін біріктіріп, табиғаттағы тепе-теңдікті сақтаудың қаншалықты осал екенін көркем әрі ғылыми тұрғыда жеткізеді.

Көрмені Canon компаниясы ҚР Зоология институты мен Гидробиология және экология институтының қолдауымен ұйымдастырған. Іс-шара сондай-ақ, Canon компаниясы, британдық Coral Spawning International зертханасы және Сейшел аралдарындағы Nature Seychelles ұйымының бірлескен «World Unseen: Coral Matchmaking» халықаралық жобасы аясында өтіп жатыр.

Келушілер бұл көрме арқылы Үнді мұхитының маржан рифтерінен бастап, Қазақстанның су айдындарына дейінгі ғажә-

йыпәлемге саяхат жасайды. Фотосуреттер, ғылыми деректер және заманауи технологиялардың көмегімен су астындағы көзге көрінбес тіршілік «жанданып», әрбір адамға оны сезініп, тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Экспозицияда зертханада өсірілген маржандардың фотосуреттері де ұсынылып, табиғатты қорғау ісінің жаңа бағыттарын таныстырады.

Қазақстан Республикасы Зоология институтының бас директоры Роман Яценко теңіздегі биоалуантүрлілікті сақтау тақырыбы жағалауда орналасқан елдер үшін ғана емес, сонымен қатар Қазақстан сияқты құрлық ішіндегі мемлекеттер үшін де аса маңызды екенін атап өтті.

«Себебі, мұхит жаһандық климаттық жағдайларды қалыптастырып қана қой-

май, барлық құрлықтық экожүйеге әсер етеді. Сейшель аралдары да, мұхиттар да бізден едәуір алыс орналасқан. Алайда, ондағы жануарлар дүниесін сақтау Қазақстан үшін де өте маңызды. Өйткені, Әлемдік мұхит еліміздегі климат пен табиғи тепе-теңдікке тікелей ықпал етеді. Бүгінгі көрмеде тек кораллдар емес, Қазақстанның Қызыл кітабына енген жануарлар да ұсынылған», – деді Роман Яценко.

Оның айтуынша, қазіргі кезде Қазақстан фаунасындағы шамамен, 200-ге жуық жануар түріне әртүрлі деңгейде жойылып кету қаупі төніп тұр. Институт қызметкерлері Қазақстан жануарларының фаунистикалық алуантүрлілігін зерттеп, еліміздегі түрлік және

экожүйелік әртүрлілікті сақтау бойынша түрлі шара ұсынуда.

«Бірнеше жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан бірегей жоба. Қазақстанда теңіз жоқ болғандықтан, маржан рифтерін қалпына келтіру идеясы таңқаларлық болуы мүмкін. Бірақ табиғатта бәрі бірбірімен байланысты. Маржандармен өмір сүретін балдырлар фотосинтез арқылы оттегі бөледі. Біз әрбір екінші тынысымыз үшін мұхитқа тәуелдіміз», – дейді Canon компаниясының Қазақстандағы өкілдігінің корпоративтік коммуникациялар жөніндегі менеджері Марал Рахимжанова.

Айта кетейік, көрме 2 сәуірден бастап 2 маусымға дейін Алматыдағы «Forum» сауда орталығында өтеді. Кіру – тегін.